

Қарабау ауылы округі, Үшбұлақ ауылындағы "Жаңабай" өндірістік кооперативінің қорасының аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Қарабау ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 35 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 желтоқсанда № 4337 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" Қазақстан республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясының 2017 жылғы 31 қазандағы № 1-09-/329 ұсынысы негізінде Қарабау ауылы округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Құтыру ауруының ошағы анықталуына байланысты Қарабау ауылы округі, Үшбұлақ ауылындағы "Жаңабай" өндірістік кооперативінің қорасының аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл округі
әкімінің міндетін атқарушы*

Б.С.Мырзакулов